

## ЖЕКЕ СЕЙФТІ (ҰЯНЫ) ЖАЛҒА АЛУ ТАЛАПТАРЫ

- 1.1. Жеке сейфті (ұяны) жалға алу талаптары (бұдан әрі – Талаптар) Шарттың ажырамас бөлігі болып табылады.
- 1.2. Талаптар Клиентке қолма-қол ақшаны, зергерлік бұйымдарды және басқа құндылықтарды, бағалы қағаздарды және құжаттарды (бұдан әрі – сақталатын зат) сақтау үшін Клиентке уақытша пайдалануға жеке сейфті (ұяны) Клиентке ұсынумен байланыстырылған Банк және Клиент арасындағы қатынастарын реттейді.
- 1.3. Жеке сейфті (ұяны) жалға алу үшін Клиент Банкпен бекітілген нысаны бойынша Жеке сейфті (ұяны) жалға алу өтінішіне қолтаңбасын қояды.
- 1.4. Талаптардың мәтіні бойынша Шартпен анықталатын ұғымдар қолданылады.

### 2. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

- 2.1. Сейф (ұясы) Банктің арнайы қорғалған, жабдықталған үй-жайында – Депозитарийде орналасады.
- 2.2. Сейф (ұясы) Клиентке Жеке сейфті (ұяны) жалға алу өтінішінде көрсетілген Банктің шотына жалдау төлемі түскен сәтінен бастап пайдалануға беріледі. Клиент жалдау төлемін төлемеген жағдайда, жеке сейф (ұясы) ұсынылмайды.
- 2.3. Сейфті (ұяны) жалға алу мерзімі Жеке сейфті (ұяны) жалға алу өтінішінде көрсетілген Банктің шотына жалдау төлемі түскен сәтінен бастап бекітіледі.
- 2.4. Клиент тиісті өтініш негізінде Сейфті (ұяны) жалға алу мерзімін ұзартуға құқылы. Осымен бірге жаңа жалға алу мерзімі үшін жалдау төлемі Клиентпен жалға алу мерзімін ұзарту туралы өтінішін беру сәтінде әрекет ететін Банктің Тарифтеріне сәйкес төленеді және жеке сейфті жалға алудың соңғы күнтізбелік тәуліктер аяқталғанша дейін төленуі қажет. Клиентпен жалдау төлемі көрсетілген мерзімі ішінде төленбеген жағдайда, Клиентке Банктің бекітілген Тарифтеріне сәйкес әрбір мерзімін өткізіп алудың күні үшін айыппұл түрінде жауапкершілігі жүктеледі. Айыппұл жалдау төлеміне қосымша есептеледі.
- 2.5. Жалдау төлемі Клиенттің қалауынша ҚР әрекеттегі заңнамасына сәйкес қолма-қол ақшасыз тәртібінде немесе қолма-қол ақшамен төленеді.
- 2.6. Жалдау төлемі жеке сейфті (ұяны) жалға алудың бүкіл мерзімі үшін төленеді. Клиент сейфті (ұяны) мерзімінен бұрын босату және Талаптардың әрекеттерін тоқтату жағдайда, Клиентпен төленген жалдау төлемі қайтарылмайды.
- 2.7. Жалдау төлемін төлеу мерзімін өткізіп алу жағдайда, берешекті толығымен өтеуге дейін Банк Клиентке (сенім білдірілген тұлғасына) Сейфті (ұясын) пайдалануға қол жету мүмкіндігін бермеуге құқылы.
- 2.8. Клиент Сейфті (ұясын) пайдалануға құқығын үшінші тұлғаға беруге құқылы және ҚР заңнамасына сәйкес рәсімделген сенімхатты беру қажет.
- 2.9. Клиенттің өтініші бойынша Банктің ішкі құжаттарына сәйкес Клиенттің өкіліне (тек қана бір тұлғасына) Депозитарийге бір реттік қол жету мүмкіндігін рәсімдеуге рұқсат беріледі.
- 2.10. Банк Сейфтің (ұясының) сақтаулығын және тұтастығын қамтамасыз етеді. Осымен бірге, Банкте сақталатын затқа қол жету мүмкіндігі жоқ және заттың сақтаулығы және тұтастығы жауап бермейді.
- 2.11. Сейфте ағыс, газды және атылмайтын қаруды, жарылыс, ескіргі, психотроптық, оңай жаңыш, уытты, радиациялық, ірітілетін және адамның ағзасына және қоршаған ортаға зиянды әсер ете алатын басқа заттарды сақтауға тыйым салынады.
- 2.12. Сейфті жалға алудың мерзімі аяқталғаннан кейін Клиент Банкке Сейфтің жарамды кілтін қайтарады және сақталатын затты алады.
- 2.13. Егер Клиент жалға алу мерзімі аяқталған күнінде Сейфті боосатпаған болса, бірақ Банкпен Сейфті мәжбүрлеп ашу сәтіне дейін (яғни, 6 ай өтіп кеткеннен кейін) Банкке жүгінген болса, Клиент жалдау төлемін, сонымен қатар Клиент Банкке жүгінген сәтінде әрекет ететін Банктің Тарифтеріне сәйкес әрбір мерзімін өткізіп алудың күні үшін айыппұлды төлеуге, осыдан кейін сақталатын затты Сейфтен алуға және Сейфтің кілтін Банктің уәкілетті тұлғасына қайтару міндетті. Айыппұл жалдау төлемінің сомасына қосымша есептеледі.
- 2.14. Банк ашу актісін және сақталатын заттар хаттауды әзірлеумен Банктің ішкі құжаттарына сәйкес келесі жағдайларда Сейфті мәжбүрлеп ашуға құқылы:
  - а) жалдау мерзімі аяқталған сәтінен 6 ай өтіп кеткеннен кейін Клиенттің, оның сенім білдірілген тұлғасының немесе мұрагерінің келмеуі;
  - б) Клиенттің қайтыс болуы және Сейфтің ішіндегісіне жеке меншік құқығы мұрагерлік туралы куәлігі негізінде немесе өсиет бойынша басқа тұлғаға ауысу туралы мәліметтер жоқ болған кезінде, егер Клиент жалға алу мерзімінің аяқталу сәтінен бастап 6 ай өтіп кеткеннен кейін жаңа жалға алу мерзімін ұзартылмаған болса.
- 2.15. Клиент немесе мұрагерлермен және олармен Талаптар бойынша Клиенттің барлық міндеттемелерін орындауға дейін және Банке жүгінуге дейін Сейфтің ішіндегісіне тыйым салынады және Банктің қоймасына сақтауға беріледі. Клиент (немесе оның мұрагерлері) Сейфті ашумен байланыстырылған шығындарын Банкке өтеуге міндетті, Сейфті (ұясын) ашудан кейін, сейфті ашу күніне дейін және құндылықтарды Банктің қоймасында сақтау мерзімі үшін Клиенттің өтінішіне сәйкес жалға алу мерзімі аяқталу сәтінен бастап сейфті (ұяны) жалға алу

мерзімі үшін төлемді, сонымен қатар мерзімін өткізіп алудың әрбір күні үшін төлеуге міндетті. Осымен бірге комиссиялар және айыппұлдар көрсетілген мерзімінде әрекет ететін Банктің Тарифтеріне сәйкес төленеді. Айыппұл жалдау төлемінің сомасына қосымша есептеледі.

Банктің қоймасынан Сейфтің ішіндегісін Клиентке немесе оның мұрагерлеріне табыстауы Клиенттің немесе оның мұрагерлерінің өтініші бойынша Клиентпен Банк алдында берешекті толығымен өтеуге дейін Банктің ішкі құжаттарымен қарастырылған тәртібінде жүзеге асырылады. Сейфтің ішіндегісін қабылдағаны үшін Клиент және оның мұрагерлері берілген күнін көрсетумен Банктің уәкілетті тұлғаларының қолтаңбалары қойылып куәландырылатын өтінішіне қолтаңбасын қояды.

Жалға алу мерзімі аяталу сәтінен бастап бес ай өтіп кеткеннен кейін, Банк Сейфті ашу себептері және ашуылған күні туралы Клиентке пошта арқылы хабарлайды. Клиентпен Банкке ұсынылған құжаттарында көрсетілген мекенжайы бойынша жоқтығы, сонымен қатар Клиент Банкке келмеуі Сейф ашудың болдырмау немесе ашу уақытын өзгерту үшін негізі болып табылмайды.

2.16. Банк уәкілетті органдарының/тұлғаларының шешімі бойынша ҚР заңнамасымен және/немесе Банктің ішкі нормативтік құжаттарымен қарастырылған жағдайларында Клиенттің (оның сенім білдірілген тұлғасының) қол жету мүмкіндігін шектеуге құқылы. Осымен бірге Банк Клиенттің қандай болса залалдары (зияны) үшін жауап бермейді.

### **3. ТАРАПТАРДЫҢ МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ.**

#### **3.1. Банк міндетті:**

3.1.1. Сейфті (ұясын) жалдау үшін Клиентпен тиісті төлеу жағдайда Клиентке Сейфті (ұясын) пайдалану үшін кілтті беруге және Сейфті (ұясын) пайдалануға құқығына картаны рәсімделуге;

3.1.2. Клиентке Сейфті (ұясын) жарамды күнде беруге;

3.1.3. Сейфті (ұясын) оны пайдалануға/қол жету құқығы жоқ үшінші тұлғаларының тарабынан қандай болса сұғушылықтардан қорғауға;

3.1.4. Клиентке немесе оның сенім білдірілген тұлғасына Депозитарийдің жұмыс тәртібіне сәйкес Сейфке (ұясына) бөгетсіз қол жетуді және сақталатын затпен құпиялық жұмыс істеу мүмкіндігін қамтамасыз етуге;

3.1.5. ҚР заңнамасымен, Талаптармен және Шартпен қарастырылған жағдайларына басқа, Клиенттің өзі, жалға алынған Сейфтің (ұясының) нөмірі, сонымен қатар Сейфті (ұясын) жалдау фактісі туралы мәліметтерді үшінші тұлғаларға жарияламауға.

#### **3.2. Клиент міндетті:**

3.2.1. Сейфті (ұясын) жалдау төлемін Банктің Тарифтеріне, Жеке сейфті (ұясын) жалға алуға өтінішіне және Талаптарға сәйкес төлеуге;

3.2.2. Депозитарий қызметкерінің қатысуында Сейф (ұясы) және кілті жарамсыз күйінде болып тұрғанын және мақсаттылығы бойынша пайдалануға мүмкіндігі бар екендігін тексеруге. Көрсетілген мүлікті Клиентке табыстаудан кейін мүліктің жарамсыздығы бойынша Клиенттен кінәрат-талаптар қабылданбайды;

3.2.3. Сейфті (ұясын) мақсаттылығына және осы Талаптарға сәйкес пайдалануға;

3.2.4. Сейфтің (ұясының), оның кілтінің және құлыптың зақымдануын алдын алуға және Сейфтің (ұясының) кез келген пайда болған ақаулықтар туралы Банкке хабарлауға;

3.2.5. Сейфті (ұясын) пайдалану бойынша Банктің талаптарын және ұсынымдарын тиісті түрде орындауға;

3.2.6. Сейфті (ұясын) Депозитарийдің жұмыс тәртібіне сәйкес пайдалануға;

3.2.7. осы Талаптарға сәйкес сақтауға тыйым салынған заттарды сақтаумен келтірілетін залалдарды Банкке өтеуге;

3.2.8. осы Талаптармен қарастырылған жағдайларын алып тастағанда, Сейфтің (ұясының) кілтін сақтауға және оны басқа тұлғаларға табыстауға, ал жоғалған жағдайда – осы туралы Банкке хабарлауға;

3.2.9. Сейфті (ұясын) жалға алу мерзімі аяқталған күнінде сақталатын затты алуға және жарамды кілтті Депозитарийдің қызметкеріне беруге;

3.2.10. Келесі жағдайлармен байланыстырылған шығындарын/залалдарын Банкке өтеуге:

- Сейфтің (ұясының) кілті жоғалған/зақымданған жағдайда, құлыпты ауыстыру;

- Сейфтің (ұясының) және құлыптың құрылымындағы техникалық ақаулығы;

- Сейфті ашу. Егер Сейфті жалға алу мерзімі аяқталмаған болса, Сейф Клиенттің қатысуымен және оның жазбаша өтініші бойынша ашылады. Сейфті ашу уақыты және күні Тараптармен алдын ала келіседі;

- Клиентті өтініші бойынша басқа жағдайларында.

### **4. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ.**

4.1. Әрбір Тарап Талаптарға және Шарттарға сәйкес өзіне қабылданған міндеттемелерін бұзғаны үшін басқа Тарап алдында жауап береді, ал жауапкершілік Шартпен қарастырылмаған жағдайда – ҚР заңнамасына сәйкес жауап береді.

4.2. Клиент Сейфтің кілтін жоғалған жағдайда, Банк Сейфтің (ұясының) ішіндегісінің сақтаулығы үшін жауап бермейді.

### **5. БАСҚА ТАЛАПТАР.**

5.1. Тараптарға өзгерістер Банкпен Шартпен бекітілген тәртібінде енгізіледі.

5.2. Клиент Банк алдында берешек болмаған кезінде Талаптардың бөлігінде Шартты орындаудан кез келген уақытта бір тараптық тәртібінде басын тартуға құқылы. Осымен бірге, Сейфті (ұясын) жалдау үшін төлем қайтарылмайды. Банк алдында берешек бар болған кезінде Клиентпен Шарт бойынша өзінің міндеттемелерін толығымен орындауға дейін тиісті бөлігінде әрекет етеді.

5.3. Банк Шартпен қарастырылған тәртібінде және жағдайларында осы Талаптар бөлігінде осы Шартты орындаудан бір тараптық тәртібінде бас тартуға құқылы.